



БҰЙРЫҚ

4 қауап 2024ж

Мақат кенті

ПРИКАЗ

№ 82

поселок Мақат

**Ата – аналарға арналған
консультациялық пункт құру туралы**

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (ҚР Үкіметінің 28.03.2023ж №249 қаулысы) тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балаларға үйде сапалы күтім жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін ата – аналарды оқыту жұмыстарын күшейту және педагогикалық қолдау көрсету мақсатында ата – аналарға арналған консультациялық пункт құрылсын.
2. АКП қызметінің қызметкерлер құрамы бекітілсін (1 қосымша)
3. АКП ережесі жасақталып, жұмыс жоспары, жұмыс кестесі бекітілсін (2 қосымша) Жауапты: М.Нигмашева
4. АКП қызметі ҚР МЖМББ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының шеңберінде ұйымдастырылсын.
5. АКП қызметі туралы балабақшаның әлеуметтік желідегі парақшаларына хабарландыру жариялансын.
6. Бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырылсын.

Бөбекжай – балабақша меңгерушісі

А.Мукангалиева

Бұйрықпен таныстырылды

82 / М. Нигмашева

Бекітемін

КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А.С. Мукангалиева 

« 8 »  2024 ж



2024-2025 оқу жылындағы АҚП жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Мерекелік шараларға қатыстыру	Жыл бойы	Әдіскер педагогтер
2	Саяхат «Балабақшамен танысу»	Қазан	Әдіскер педагогтер
3	Кенес - тренинг: «Балаларды қоғамдық ортаға бейімдеу»	Қазан	Әдіскер педагогтер
4	«Балалықтың қанына ойын азық» (ойын-сауық)	Қараша	Әдіскер педагогтер
5	«Ғажайып Жаңа жыл»	Желтоқсан	Әдіскер педагогтер
6	«Дене белсенділігі және денсаулық» (іскерлік ойын элементтері бар семинар)	Сәуір	Әдіскер педагогтер



 «Бекітемін»

 КМҚК «Балбөбек бөбекжай

 балабақшасының меңгерушісі

 А.С.Мукангалеева

 « 08 » _____ 2024 жыл

2024 – 2025 оқу жылының балабақша АҚП қамтылмаған балалар тізімі

№	Баланың аты - жөні	Туған жылы, айы, күні	Ата-анасы туралы мәлімет	Жұмыс орны туралы мәлімет	Мекен жайы	Байланыс телефоны	Баланың саны
1	Бауыржан Айлин Әділжан қызы	09.03.2021	Әкесі-Абдешев Әдилжан Бауыржанұлы Анасы: Дүзелбаева Нұргүл Берікқалиқызы	Станция Мақат, дизелист-топливник Депо Локомотив, замерщица	Б.Төлекбаев көшесі, 204 үй	8702-846-26-16	5
2	Төлеу Мадина Беймбет қызы	09.11.2020	Әкесі: Төлеу Беймбет Өтегенұлы Анасы: Джумабаева Айнұр Нұрлыбекқызы	Мақат Су арнасы Кент әкімшілігі, курьер	Б.Төлекбаев көшесі, 254	8702-346-99-62	3
3	Нұртас Дания Жалғасқызы	16.06.2019	Әкесі: Уйылшиев Жалғас Нұртасұлы Анасы: Зулхарова Айнур Тынышбекқызы	Мақат су арнасы, оператор Х.Санбаев мектебі, орыс тілі мұғалімі	С.Мукашев, 12/2 7 бөлме	8775-073-14-48	4
4	Асқар Расул Алтайұлы	11.11.2020	Әкесі: Тарасов Алтай Асқарұлы Анасы: Салихадинова Әсел Мейрамбекқызы	Мақат аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің аудандық орталық кітапханасы, жүргізуші. Мақат аудандық мәдениет,	Ағайынды Телешевтер көшесі, 84/1	877503 24032	3

				тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің аудандық орталық кітапханасы, меңгеруші.			
5	Төленді Асылхан Кенжетайұлы	17.01.2023	Әкесі: Рахимов Кенжетай Тулендиевич Анасы: Жанысбаева Айнура Бисенбаевна	НГДУ, МКҚК «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы, дене тәрбие нұсқаушысы	Е.Аманбердиев, 3 үй	870144 28613	5
6	Сағынбай Марьям Нұртасқызы	22.10.2021	Әкесі: Сағынбаев Нұртас Мұратбекұлы Анасы: Нұрсұлтанова Нұрайым Нұранқызы	АО ИЦГ УМГ «Атырау» Мақатское ЛПУ ЛЭС, оператор ГРС; КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы, медбике	Телешевтер көшесі, 86/1	877800 43602	3

Бекітемін
КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-
балабақша меңгерушісі
А.С. Муканғалиева

« 10 » 2024 ж

2024-2025 оқу жылындағы АҚП мамандар тізімі

№	Мамандардың аты-жөні	Лауазымы
1	Муканғалиева Актоты Сайлауовна	Меңгеруші
2	Нигмашева Майра Акатовна	Әдіскер
3	Нұрсұлтанова Нұрайым Нұранқызы	Медбике
4	Башанова Замира Нурышаевна	Педагог-психолог
5	Ильясова Жанагуль Казбековна	Музыка жетекшісі
6	Ерешева Гулсим Есекеевна	Логопед-дефектолог
7	Далу Әсем Ғалымжанқызы	Қазақ тілі маманы
8	Кумисбаева Жайжан Жалғасовна	Тәрбиеші
9	Джанбусинова Айнаш Жилкибаевна	Тәрбиеші
10	Жанысбаева Айнур Бисенбаевна	Дене шынықтыру нұсқаушысы

Хаттама

08.10.2024ж.

«Балбөбек» б/б

Қатысқандар:

1. Балабақша меңгерушісі – А.С.Мукангалиева
2. Балабақша әдіскері - М.А.Нигмашева
3. Балабақша медбикесі - Нұрсұлтанова Н.
4. Балабақшамен қамтылмаған балалар, ата – аналар – 6

Балабақша меңгерушісі А.С.Мукангалиева келген ата – аналарды балабақша топтармен, бөлмелермен, саз залмен, медбике бөлмесімен таныстырылды.

Балабақша әдіскері М.А.Нигмашева АКП жұмысы және жоспарымен таныстырып өтті.


Хатшы:



Далу Ә.Ғ

АШЫК ҮСІНІ
КҮЗНІ

ҚАЗАҚТЫҢ
ҰЛТТЫҚ АСПАП





К

О

Л

Д

А

И



МОБИЛЬДІ


КІТАПХАНА



АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ӨЛІППЕСІ



ҰЛТТЫҚ БҰРЫШ



Балабақша ата-аналарына балаларын қоғамдық ортаға бейімдеуге арналған кеңестер:

1. Ерте жастан бастап әлеуметтендіру:

Басқа балалармен қарым-қатынас: Баланы басқа балалармен ерте жастан бастап қарым-қатынас жасауға ынталандырыңыз. Ойын алаңдарына, балалар ойын орталықтарына апарыңыз. Балалармен бірге ойнауға мүмкіндік жасаңыз. **Отбасылық шаралар:** Отбасылық шараларға, туыстармен кездесулерге баланы қатыстырыңыз. Бұл оған әртүрлі адамдармен байланысуға мүмкіндік береді. **Топтық іс-шаралар:** Балаңызды кішігірім топтық іс-шараларға қатыстырыңыз (мысалы, балалар студиясы, спорт секциясы). Бұл оған топта жұмыс істеуді үйретеді. **2. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін үйрету:** **Ережелерді түсіндіру:** Балаға қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін түсіндіріңіз (мысалы, дауыстап сөйлемей, кезекпен тұру, басқалардың заттарына тиіспеу).

Жағымды мінез-құлықты ынталандыру: Баланың қоғамдық орындарда жағымды мінез-құлық танытқаны үшін оны мадақтаңыз және ынталандырыңыз.

Жағымсыз мінез-құлықты түзету: Егер бала жағымсыз мінез-құлық танытса, оған түсіндіріп, қалай дұрыс әрекет ету керектігін үйретіңіз. Тыныш және түсінікті түрде сөйлесіңіз.

3. Қоғамдық ортадағы қиындықтарды жеңуге көмектесу:

Қорқыныштарды жеңу: Егер бала қоғамдық ортада қорқатын болса, оның қорқыныштарын түсініп, қолдау көрсетіңіз. Оған бірге қорқыныштарын жеңуге көмектесіңіз. Біртіндеп қоғамдық ортаға бейімдеуді жүргізіңіз.

Жаңа жағдайларға бейімделу: Жаңа жағдайларға бейімделуге көмектесіңіз. Жаңа ортаға барар алдында оған алдын ала дайындалып, не болатынын түсіндіріңіз.

Өзін-өзі бағалауды арттыру: Баланың өзін-өзі бағалауын арттырыңыз. Оның жетістіктерін мадақтап, қолдау көрсетіңіз. Оған өзіне деген сенімін арттыруға көмектесіңіз. Баланың қоғамдық ортаға бейімделуі уақытты талап етеді. Сабырлы және түсіністік танытыңыз. Балаңыздың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оған жеке көзқарас танытыңыз. Қиындықтар туындаса, мамандардан (психологтан) кеңес алыңыздар.

Қоғамдық ортадағы қиындықтарды жеңуге көмектесу:

Қорқыныштарды жеңу: Егер бала қоғамдық ортада қорқатын болса, оның қорқыныштарын түсініп, қолдау көрсетіңіз. Оған біртіндеп қоғамдық ортаға бейімделуге көмектесіңіз. Кішігірім, бақылауға болатын қадамдар жасаңыз.

Жаңа жағдайларға бейімделу: Жаңа жағдайларға дайындалыңыз. Жаңа орынға барар алдында не болатынын түсіндіріңіз. Суреттерді, бейнелерді немесе кітаптарды пайдаланыңыз.

Өзін-өзі бағалауды арттыру: Баланың өзін-өзі бағалауын арттырыңыз. Оның жетістіктерін мадақтап, қолдау көрсетіңіз. Оған өзіне деген сенімін арттыруға көмектесіңіз.

4. Тұрақтылық және шыдамдылық: Уақыт: Баланың қоғамдық ортаға бейімделуі уақытты талап етеді. Сабырлы және түсінікті болыңыз.

Жеке тәсіл: Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеріңіз. Кейбір балалар тез бейімделеді, ал басқаларына көбірек уақыт керек болуы мүмкін.

Тренинг барысы:

1-күн: Танысу. «Менің атым...» ойыны: Балалар шеңберге тұрып, өз атын және сүйікті ойыншығын айтады.

«Достық білезік» ойыны: Балалар бір-біріне түрлі-түсті қағаздан жасалған білезіктерді байлайды.

Ойын. Тақырыбы: Арттерапия шыны мөлдір мольбертте арнайы трафаретермен губканы пайдаланып сурет бояу.


Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, губканы ұстау, оны бояуға батыру, трафареттерді дұрыс орналастыру және қысымды реттеу ұсақ бұлшықеттердің дамуына ықпал етеді. Көзбен қолдың қозғалысын үйлестіру арқылы көру-қозғалту координациясын дамыту.

Көру-қозғалту координациясын дамытып көзбен қолдың қозғалысын үйлестіру, трафареттерді дұрыс орналастыру арқылы дамиды. Түрлі түстерді және трафареттерді пайдаланып, өз қиялдарын дамытуға мүмкіндік береді.

Жүру барысы: Губка мен трафареттердің пайдаланып сурет салу процесін жеңілдету және балалардың шығармашылығын арттыру. Балалар қалаған түрлі-түсті бояу тандап арнайы дайындылған тарафаретерді губкамен әсемдеп бояйды. Және қандай суретер бояғанын, қандай түспен бояғанын балаларға айтқызу.





«Келісемін»
МКҚК "Балбөбек" бөбекжай-
балабақша әдіскері
Нигмашева М.А. 
« 12 » 11 2024жыл

АКП

«Балалықтың қанына ойын азық» (ойын-сауық)

Өткізген тәрбиеші-модератор:
Кумисбаева Ж.Ж

- Сәлематсыздар ма! Қош келдіңіздер!

Бүгін АҚП жұмыс жоспары бойынша: «Балалықтың қанына ойын азық» атты ойын-сауық тақырыбында ойындар өткіземін.

- Өзімді таныстырайын. Мен Жайжан апаймын.

- Осы «Балбөбек» бөбекжай балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс жасаймын.

- Ал, балалар сендермен танысып отырайық.

- Атың кім?

Кьюар код арқылы «Көңіл ашар» күйін тыңдау.

- Ал, балалар, ойын ойнағыларың келе ме?

- Ия.

- Кәне, онда ойын ойнайық.

1 ойын: «Әдемі жұлдызқұрт»

Шарты: 3 түсті жұлдызқұртты толықтыру. Ол үшін өздері қалаған жұлдызқұртты таңдап алады, содан соң таңдаған жұлдызқұртты толықтыру керек (сары түсті жұлдызқұрт астына сары допты жабыстыру, жасыл түсті жұлдызқұрт астына жасыл түс доптарды, т.б)

2 ойын: В.В.Воскобович әдісі бойынша «Сәйкестендіру» ойыны

Шарты: Балаларды топқа бөліп отырғызу. Алдарына фитрадан жасалған ойындарды беріп, суреті, пішіні, түсі бойынша сәйкестендіру.

- Бәрекелді, керемет!

- Жарайсыңдар, балалар!

- Ойындарды жақсы ойнадыңыздар.

- Сіздерді жақсы ойнап, тәртіпті болғандарыңыз үшін, мен сіздерге сыйлық беремін.


Балаларға сыйлық беру.

-Ал, балалар, мен сіздермен қоштасамын! Сау болыңыздар!



Келісемін»

КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері:

 М.А. Нигмашева
«27» 12 2024ж.

«Бекітемін»

КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

 А.С. Мукангалиева
«27» 12 2024ж.



Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік
Тақырыбы: «Ғажайып Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: Кумисбаева Ж.

Ертеңгілік: «Ғажайып Жаңа Жыл!»

Балалар көңілді әуенмен залға кіреді, шыршаны айнала тұрады.

Жүргізуші: Қымбатты балалар, қонақтар! Барлықтарыңызды келе жатқан жаңа жыл меркесімен құттықтаймын!

Тауда туып, тауда өскен

Шырша келді ортаға

Құтты болсын жаңа жыл!

Жаңа бақыт, жаңа жыр!

Әдемілеп біз ілеген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Тамсанайық баршамыз

Балалар, қарандаршы, Аяз Ата бізге қандай әдемі шыршаны құрған. Қане, айналып, қол ұстасып, ойыншықтарын тамашалайықшы.

Ән: «Шырша»

Жүргізуші: Бәрімізге анықты

Мереке болады көңілді:

Ән шырқаймыз бәріміз,

Қонақтарды қарсы аламыз.

Қане, шапалақтап қонақтарды шақырайық.

Тсс... Біреу келе жатыр, шыршаның артына тығылып қалайық.

Балалар шыршаның артына тығылады.

Музыка әуенімен Ақшақар кіреді.

Ақшақар: (әндете) Немересі Аяздын

Мен Ақшақар боламын.

Балалармен ойнаймын,

Билеймін, әндетемін. Ля - ля - ля - ля!

Міне «Күнімай» тобының мерекесіде болып жатыр екен. Ой, неге ешкім көрінбейді, дыбыстар да естілмейді? Балаларды іздейін: оңға, солға қарайын.

Іздейді.

Мысықтардың мияулаған дауысы естіледі, сонан соң иттердің және торғайлардың дауысымен дыбыстайды, ақырында балалар шыршаның алдына шығып «Міне біз» деп Ақша – қарды құшақтайды.

Ақшақар: - Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: - Сәлеметсіз бе!

Ақшақар: - Сендер менімен ойнадыңдар ма?

Балалар: - Иә!

Ақшақар:- Ай, кішкентай тентектерім.

Қандай сәнді киімдерін

Өздерің сондай көңілді...

Ал шырша қандай әдемі!

Шеңбер жылдам құрайық,
Шыршаны айналайық,
Шапалақтап, қуанып,
Шамдарын жарқыратайық!

Шыршаның шамдары жанады..

Ақшақар: - Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешіп көріңдерші.
Өзі айлакер, өзі қу,
Жүрген жері айғай, шу.

Балалар: - Түлкі!

Музыка әуенімен Түлкі келеді

Түлкі: - Сәлеметсіңдерме, балалар!

Ия, ия, мен Түлкімін. Орманда ең әдемі, ең сұлу менмін! *(құйрығын сипайды)*

О! Шырша қандай керемет!

Ойыншықтары ілінген,

Шамдары жарқыраған,

Бақшаларың сәнденген!

Ақшақар:- Түлкіжан, қандай жақсы келгенің!

Ойнай – ғойшы бізбенен!

Түлкі: - Ойынды өте ұнатамын, бірақ алдыменен жұмбақ жасырамын.

Жұмбақтарды шешу білесіңдер ме?

Сықырдан қорқады,

Шошынып жортады. *(қоян)*

Түлкі:- Жарайсыңдар, бөбектер! Онда бәріміз қоянға айналып, орманда ойнайық.

Ойын «Түлкі мен қояндар»

Ақшақар: - Рахмет, Түлкі, ойының балаларға өте ұнады. Біздің қадірлі қонағымыз болыңыз, балалардың өнерін тамашалаңыз.

Тақпақтар айтылады

Түлкі: - Рахмет, балалар!

Ақшақар:- Ал біз Аяз Атаны күтіп жүрміз. Бәріміз қосылып шақырайықшы.

Аяз Ата! Аяз Ата! Аяз – Ата!

Таяқпен тықылдатып: «Әу, бөбектерім! Келе жатырмын!» - деп Аяз Ата музыка әуенімен кіреді

Аяз Ата: Келді жылым бақытым,

Кемелденді уақытым.

Сәлем саған, Жаңа жыл,

Жаңа бақыт, жаңа жыр!

ӘН: «Бала, бала балапан»

Аяз ата:- Ай, жарайсыңдар! Менен қорықпайды екенсіңдер, шаршаттыңдар мені әбден.

Сәл демалайын.

Тақпақтарыңды тындайын.

Тақпақтар айтылады

Ақшақар:

Әне балалар қараңдар қоян келе жатыр!

БИ: «Қояндар»

Аяз ата: Айналаға қанша қар түсті! Келіңдер, балалар, қар атысып ойнайық!

Ойын «Қар атысу»

Ақшақар үлкен омбы қарды домалатып әкеліп:

Ақшақар: - Аяз ата, қараңыз, қандай үлкен омбы қар!

Аяз Ата: Қандай ғажайып омбы қар!

Іші толған сыйлықтар!

Ақшақар: Балалар, отырыңдар, Аяз Ата бізге сиқыр көрсетеді.

Аяз Ата: Бар күшімді салайын:

Омбы қарды айналып,

Таяғымды тигізіп,

Сиқырлы сөздерімді қолданып

Сыйлықтарды алайын!

Омбы қардың ішінен сыйлықтарды алып шығып, балаларға таратады.

Балалар: Рахмет, Аяз – Ата!

Жүргізуші: Балалар олай болса мерекемізді тобымызға барып жалғастырайық!

ЖАНА ЖЫЛ
2025

